ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 10 қаңтар № 3310-23-00-2/1744 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.С.Джолдасова
Е.Е.Асылбайдың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Панфилов ауданаралық көпсалалы ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«АЗИАДА» жеке кәсіпкері – Айгуль Бериковна Байдильдаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Ж.Жабайханова
Талап қоюшының өкілі Б.Д.Бердыгулова
Жауапкердің өкілі Е.А.Амантаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Панфилов ауданаралық көпсалалы ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) 2023 жылғы 25 шілдеде бейнебақылау жүйесін орнатумен (монтаждаумен) байланысты жұмыстарды жүргізу туралы веб-портал арқылы хабарлама берген

2023 жылғы 01 тамыздағы № 10408523-ЗЦП1 хаттамаға сәйкес, № 62312842-ЗЦП1 лот бойынша жеңімпаз болып «АЗИАДА» жеке кәсіпкері танылған.

2023 жылғы 09 тамызда Кәсіпорын мен «АЗИАДА» жеке кәсіпкері аралдарында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы № 257 электондық шарт жасалған.

Шарттың жалпы сомасы 9 487 000 теңгені құрайды.

Шарттың 9.1 тармағына сай, ол қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы енгізілген.

«АЗИАДА» жеке кәсіпкері шарт бойынша бейнебақылау жүйесін орнату (монтаждау) бойынша техникалық сипаттамаға сәйкес жұмыстарды келісім шарт жасалғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 24 тамызға дейін міндеттелген.

Жоғарыда аталған жұмыстардың шартта көрсетілген мерзім ішінде орындалмауына байланысты, Кәсіпорынмен мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 2023 жылғы 29 тамызда оны бір жақты бұзу туралы хабарлама жолданған.

Кәсіпорын сотқа жүгініп, жауапкердің шарт бойынша өзіне жүктелген міндеттемені орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды, 275 123 тенгені құрайтын тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер сотқа жолдаған талап қоюға қарсы пікірінде Кәсіпорынмен жасалған шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі 15 күн деп белгіленгенін, алайда бүгінгі күнге дейін бейнебақылауды орнататын схемалары ұсынылмағанына және сервер орнататын бөлме дайын болмағанына байланысты жұмыстар орындалмағанын, оларды орындаудан бас тартпайтынын, техникалық сипаттамаға сәйкес жұмыстардың көлемі үлкен болуына байланысты 45-60 күннің қажет екенін көрсеткен. Осыған орай соттан талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сотта талап қоюшының өкілі Б.Д.Бердыгулова талап қоюды толығымен қолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Жауапкердің өкілі Е.А.Амантаев жазбаша пікірде көрсетілген уәждерді қолдап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор С.Ж.Жабайханова талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрап қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 17.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Джолдасова Г. С., 30.03.2024

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемелерді осы уақытқа дейін орындамағаны сотта анықталды.

Нәтижесінде 2023 жылғы 28 қыркүйекте шарт бір жақты бұзылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуіріндегі № 4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Сотта жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындамаудағы кінәсін жоққа шығармады, соның салдарынан Кәсіпорында бейнебақылау жүйесі орнатылмаған, яғни жауапкердің әрекетімен талап қоюшыға теріс салдарлар келтірілген.

АК-тің 10-бабының 1-тармағына сай кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 17.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Джолдасова Г. С., 30.03.2024
3313-23-3-1/1822

Жауапкер жеке кәсіпкер бола отырып, мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты тәуекелдерді көтереді.

Талап қоюшының тарапынан 30 күнтізбелік күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған, талап қою сотқа уақытылы тапсырылған.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыппұл көлемі 275 123 теңгені құрайды.

Сот талап қоюшымен есептелген тұрақсыздық айыбының сомасы дұрыс және шарт талаптарына сай деген тұжырымға келеді.

Сот істегі жинақталған дәлелдемелерге баға бере келе, талап қоюшының мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден жергілікті бюджет пайдасына мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Панфилов ауданаралық көпсалалы ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «АЗИАДА» жеке кәсіпкері Айгуль Бериковна Байдильдаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «АЗИАДА» жеке кәсіпкері Айгуль Бериковна Байдильдаевадан талап қоюшы «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Панфилов ауданаралық көпсалалы ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 275 123 (екі жүз

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 17.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Джолдасова Г. С., 30.03.2024
3313-23-3-1/1822

жетпіс бес мың жүз жиырма үш) теңге тұрақсыздық айыбы және 8 254 (сегіз мың екі жүз елу төрт) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер «АЗИАДА» жеке кәсіпкері Айгуль Бериковна Байдильдаевадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурор өтінішхат - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, келтіруге құқылы.

Судья Г.С.Джолдасова

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 17.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Джолдасова Г. С., 30.03.2024

3313-23-3-1/1822